

Қосымша № 1
«City Transportation Systems» ЖШС
Басқармасының шешіміне 2026
жылғы «____» _____ № _____

БЕКІТІЛГЕН
«City Transportation Systems» ЖШС
Басқармасының шешімімен

2026 жылғы «____» _____ № _____

ҚАҒИДАЛАР

«Tarlan Astana» нысандарындағы жарнамалық орындарды жалға беру

Астана қ.

ТОО «City Transportation Systems»	Правила передачи в аренду рекламных площадей на объектах Tarlan Astana	Страница 2 из 9
-----------------------------------	--	-----------------

1. Жалпы ережелер

1. Осы Tarlan Astana объектілеріндегі жарнама алаңдарын жалға беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және Tarlan Astana объектілерінде орналасқан жарнама алаңдарын жалға беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шарт – жалға беруші мен жалға алушы арасында жасалатын жарнама алаңын жалға беру шарты;

2) интернет-ресурс – Серіктестіктің ресми сайты;

3) конкурс – жарнама алаңдарын жалға беру бойынша іріктеу нысаны, оның шеңберінде Серіктестік белгіленген талаптар негізінде жарнама алаңы үшін жалдау ақысының ең жоғары сомасын ұсынған және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысушымен шарт жасасады;

4) жалға беруші – «City Transportation Systems» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік);

5) жалға алушы – Серіктестікпен жарнама алаңын жалға беру шартын жасасқан заңды тұлға;

6) конкурсты ұйымдастырушы – жарнама алаңдарын жалға беруге бастамашылық жасайтын, сондай-ақ конкурсты ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ететін Серіктестіктің құрылымдық бөлімшесі;

7) жарнама алаңы – Tarlan Astana объектісінде орналасқан, сыртқы және (немесе) ішкі жарнаманы орналастыруға арналған және осы Қағидаларға сәйкес жалға берілетін, Серіктестік айқындаған бет, орын немесе оның бір бөлігі;

8) Tarlan Astana объектілері – Tarlan Astana станцияларының ішіндегі және сыртындағы үй-жайлар, құрылыстар, конструкциялар, вагондар құрамы және көлік инфрақұрылымының өзге де объектілері;

9) лот – бір конкурс шеңберінде жалға беру үшін Серіктестік біріктірген бір немесе бірнеше жарнама алаңы;

10) конкурс жеңімпазы – конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін, тиісті лот бойынша жалдау ақысының ең жоғары сомасын ұсынған және конкурстық комиссия жеңімпаз деп таныған конкурсқа қатысушы;

11) бастапқы баға – конкурстық құжаттамада Серіктестік белгілеген жарнама алаңы (лот) үшін жалдау ақысының ең төменгі мөлшері;

12) конкурсқа қатысушы – конкурсқа қатысуға өтінім берген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер.

3. Жарнама алаңдары жалға жеке-жеке де берілуі, сондай-ақ лоттарға біріктірілуі мүмкін.

ТОО «City Transportation Systems»	Правила передачи в аренду рекламных площадей на объектах Tarlan Astana	Страница 3 из 9
-----------------------------------	--	-----------------

Бір лотқа енгізілетін жарнама алаңдарының құрамы олардың орналасқан жері, сипаттамалары, коммерциялық тартымдылығы және өзге де факторлар ескеріле отырып, Серіктестікпен айқындалады.

4. Конкурсты ұйымдастырушы жарнама алаңын (жарнама алаңдарын) жалға беру туралы мәселені Серіктестік Басқармасының қарауына енгізеді.

5. Мәселені қарау нәтижелері бойынша Серіктестік Басқармасы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) бастапқы бағаны белгілей отырып, жарнама алаңын (жарнама алаңдарын) жалға беру туралы;
- 2) жарнама алаңын (жарнама алаңдарын) жалға беруден бас тарту туралы.

6. Конкурсты ұйымдастырушы Серіктестік Басқармасы жарнама алаңын (жарнама алаңдарын) жалға беру туралы шешім қабылдағаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде конкурстың өткізілуін қамтамасыз етеді.

2. Жарнама алаңдарын жалға беру жөніндегі конкурсты өткізу тәртібі

2.1. Конкурсты өткізуге дайындық

7. Конкурсты дайындау және өткізу кезінде конкурсты ұйымдастырушы:

- 1) конкурстық комиссия құру туралы бұйрық жобасын дайындайды;
- 2) конкурсты өткізу мерзімдерін айқындайды;
- 3) конкурстық құжаттаманы дайындайды;
- 4) конкурсқа шығарылатын жарнама алаңдары мен лоттардың тізбесін қалыптастырады;
- 5) конкурсты өткізу туралы хабарландыруды дайындайды;
- 6) конкурсты өткізу туралы хабарландырудың интернет-ресурста жариялануын қамтамасыз етеді;
- 7) конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін қабылдауды және тіркеуді қамтамасыз етеді;
- 8) конкурстық комиссияның шешімдерін ресімдейді;
- 9) шарт жобасын дайындайды;
- 10) конкурс жеңімпазымен шарт жасасуды қамтамасыз етеді.

8. Конкурстық комиссияның құрамына Басқарма мүшесі (мүшелері), өзге де басшы қызметкерлер және Серіктестіктің мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері енгізіледі.

Конкурстық комиссия мүшелерінің саны кемінде **5 (бес) адамды** құрайды. Конкурстық комиссияның төрағасы конкурсты ұйымдастырушының қызметіне жетекшілік ететін Төраға орынбасары болып табылады.

ТОО «City Transportation Systems»	Правила передачи в аренду рекламных площадей на объектах Tarlan Astana	Страница 4 из 9
-----------------------------------	--	-----------------

Конкурстық комиссияның құрамы Серіктестік Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастырушының қызметкерлері арасынан тағайындалады және дауыс беру құқығына ие болмайды.

9. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысқан жағдайда заңды болып табылады.

Конкурстық комиссияның шешімдері комиссияның қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсты өткізу туралы хабарландырудың Серіктестіктің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етеді.

Конкурсты өткізу туралы хабарландырумен бір мезгілде конкурстық құжаттама орналастырылады.

11. Конкурстық құжаттама мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) Серіктестіктің атауы;
- 2) тиісті лотқа кіретін жарнама алаңының (жарнама алаңдарының) тізбесі және қысқаша сипаттамасы;
- 3) жарнама алаңының (жарнама алаңдарының) орналасқан жері;
- 4) қажет болған жағдайда – жарнама алаңын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін схема, фотосурет, визуализация немесе өзге де материалдар;
- 5) жалдау мерзімі;
- 6) бастапқы бағаның мөлшері;
- 7) жалдау ақысын енгізудің мерзімділігі мен тәртібі;
- 8) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімдері мен орны;
- 9) конкурсты өткізу күні, уақыты және орны;
- 10) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі;
- 11) өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар;
- 12) конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар;
- 13) конкурсты өткізу шарттары мен тәртібі;
- 14) жарнама алаңын пайдалануға байланысты талаптар мен шектеулер;
- 15) қажет болған жағдайда жарнама алаңымен танысу мерзімдері мен шарттары;
- 16) шарт жобасы.контактные данные секретаря конкурсной комиссии;
- 17) тиісті жарнама алаңының ерекшеліктерін ескере отырып, Серіктестік айқындайтын өзге де мәліметтер мен шарттар.

ТОО «City Transportation Systems»	Правила передачи в аренду рекламных площадей на объектах Tarlan Astana	Страница 5 из 9
-----------------------------------	--	-----------------

12. Серіктестік конкурстық құжаттамада жарнамалық материалдардың сыртқы түріне, оларды орналастыру және пайдалану тәсіліне қойылатын талаптарды, сондай-ақ Tarlan Astana объектілерінің техникалық және пайдалану ерекшеліктеріне байланысты талаптарды белгілеуге құқылы.

13. Конкурс шарттары өзгертілген немесе конкурс өткізуден бас тартылған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын Серіктестіктің интернет-ресурсында тиісті хабарландыруды орналастырады.

Конкурс шарттарының өзгертілуі не конкурстың жойылуы туралы хабарландыру жарияланғанға дейін өтінім берген қатысушыларға конкурсты ұйымдастырушы енгізілген өзгерістер туралы хабарлама жібереді.

Конкурс өткізілмеді деп танылған жағдайда, Серіктестік жеңімпаз анықталғанға дейін қайта конкурс өткізуге шектеусіз рет құқылы.

2.2. Конкурсты өткізу

14. Конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін қабылдау және тіркеу конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап жүзеге асырылады және конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде аяқталады.

15. Конкурсқа қатысу үшін қатысушы конкурстық құжаттамада белгіленген нысан бойынша және тәртіппен өтінім жолдайды. Өтінімге қатысушының басшысы не ол уәкілеттік берген өзге тұлға қол қояды.

16. Өтінімге конкурстық құжаттамада көзделген және қатысушының белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

17. Өтінімдер мен оларға қоса берілген құжаттар конкурстық комиссия өтінімдерді қарайтын күн мен уақыт басталғанға дейін жария етуге және басқа қатысушыларға танысу үшін беруге жатпайды.

18. Конкурс конкурстық құжаттамада белгіленген күні және уақытта өткізіледі.

19. Конкурстық комиссия келіп түскен өтінімдер мен қатысушылардың құжаттарын олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

20. Конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін және тиісті лот бойынша жалдау ақысының ең жоғары сомасын ұсынған қатысушы конкурс жеңімпазы деп танылады.

21. Қатысушылар ұсынған жалдау ақысының сомалары тең болған жағдайда, өтінімі бұрын тіркелген қатысушы жеңімпаз деп танылады.

22. Өтінімдерді қарау және жеңімпазды айқындау нәтижелері конкурстық комиссияның хаттамасымен ресімделеді.

23. Конкурсқа қатысу үшін екіден аз өтінім берілген не конкурстық құжаттама талаптарына екіден аз қатысушы сәйкес келген жағдайда, конкурс өткізілмеді деп танылады.

ТОО «City Transportation Systems»	Правила передачи в аренду рекламных площадей на объектах Tarlan Astana	Страница 6 из 9
-----------------------------------	--	-----------------

Серіктестік қайта конкурс өткізуге құқылы.

Қайта конкурс өткізу кезінде Серіктестік конкурс шарттарын өзгертуге, оның ішінде әрбір қайта конкурс өткізілген кезде бастапқы бағаны 10 (он) пайыздан аспайтын мөлшерде төмендетуге құқылы, бұл ретте бастапқы бағаны төмендету екі реттен артық жүргізілмейді.

24. Қайта конкурс өткізу кезінде конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін бір өтінім берілген жағдайда, конкурстық комиссия осындай өтінімді берген қатысушыны конкурс жеңімпазы деп тануға құқылы

25. Қайта конкурс өтінімдердің болмауына не конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін қатысушылардың болмауына байланысты өткізілмеді деп танылған жағдайда, тиісті жарнама алаңын (лотты) одан әрі пайдалану мәселесін Конкурстық комиссия қарайды.

26. Конкурс қорытындылары туралы хаттаманы конкурсты ұйымдастырушы қорытындылар шығарылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Серіктестіктің интернет-ресурсында орналастырады.

2.3. Конкурс нәтижелерін ресімдеу

27. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс нәтижелері жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей конкурс жеңімпазына шарт жобасын жолдайды.

28. Шарт жазбаша нысанда жасалады және конкурстық құжаттамада және (немесе) конкурсты ұйымдастырушының хабарламасында белгіленген мерзім ішінде Серіктестіктің және конкурс жеңімпазының уәкілетті өкілдері қол қояды.

29. Конкурс жеңімпазы белгіленген мерзімде шартқа қол қоймаған не оны жасасудан жазбаша түрде бас тартқан жағдайда, осындай жеңімпазға қатысты конкурс нәтижелерінің күші жойылады.

Конкурс нәтижелерінің күшін жою туралы шешімді конкурсты ұйымдастырушы ресімдейді және Серіктестіктің интернет-ресурсында орналастырады.

30. Осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген жағдайда, Серіктестік тиісті жарнама алаңына (лотқа) қатысты қайта конкурс жариялауға құқылы.

31. Жарнама алаңын пайдалану шарттары, орналастырылатын жарнамалық материалдарға қойылатын талаптар, жалдау мерзімі, жалдау ақысының мөлшері мен оны енгізу тәртібі, тараптардың жауапкершілігі, жарнама алаңына қол жеткізу тәртібі, жарнамалық материалдарды монтаждау және демонтаждау тәртібі, сондай-ақ өзге де талаптар шартпен айқындалады.

3. Жарнама алаңын жалға алушыға беру

TOO «City Transportation Systems»	Правила передачи в аренду рекламных площадей на объектах Tarlan Astana	Страница 7 из 9
-----------------------------------	--	-----------------

32. Шарт жасалғаннан кейін және жарнама алаңын пайдалануды бастағанға дейін Серіктестік пен жалға алушының өкілдері жарнама алаңын бірлесіп қарап-тексереді.

33. Қарап-тексеру нәтижелері бойынша жарнама алаңын беру кезіндегі қарап-тексеру актісі жасалады, онда жарнама алаңының оны жалға алушыға беру күніндегі жай-күйі тіркеледі.

34. Жарнама алаңын беру кезіндегі қарап-тексеру актісінде мыналар көрсетіледі:

- 1) актінің жасалған орны мен күні;
- 2) тараптардың өкілдері туралы мәліметтер;
- 3) шарттың нөмірі мен күні;
- 4) жарнама алаңының атауы және орналасқан жері;
- 5) жарнама алаңының негізгі сипаттамалары;
- 6) жарнама алаңының нақты жай-күйі;
- 7) болған жағдайда — зақымданулар, ақаулар, ластанулар және өзге де ерекшеліктер;

8) қажет болған жағдайда — жарнама алаңының жай-күйін фотофиксациялау туралы мәліметтер;

9) тараптар тіркеуді қажет деп санайтын өзге де мәліметтер

35. Жарнама алаңын беру кезіндегі қарап-тексеру актісіне тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

36. Жалға алушы жарнама алаңын тек шартта көзделген мақсаттарда және талаптарда пайдалануға міндетті.

37. Жарнамалық материалдарды және (немесе) жарнамалық конструкцияларды монтаждау шартта көзделген жағдайларда Серіктестіктің қажетті келісімдерін алғаннан кейін жалға алушы тарапынан жүзеге асырылады.

38. Жалға алушы әрлеу материалдарының, конструкциялардың, инженерлік желілердің, жабдықтардың және Tarlan Astana-ның өзге де мүлкінің бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін жұмыстарды жүргізуге құқылы емес.

39. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жарнамалық материалдарды және (немесе) жарнамалық конструкцияларды дайындауға, жеткізуге, монтаждауға, пайдалануға, қызмет көрсетуге және демонтаждауға байланысты барлық шығыстарды жалға алушы көтереді.

40. Жалға алушы жарнама алаңын пайдалану кезеңінде шарт талаптарына сәйкес жарнама алаңының және Серіктестік мүлкінің сақталуына жауапты болады.

4. Жарнама алаңын Серіктестікке қайтару

41. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған, ол бұзылған не өзге де негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, жалға алушы шартта көзделген

ТОО «City Transportation Systems»	Правила передачи в аренду рекламных площадей на объектах Tarlan Astana	Страница 8 из 9
-----------------------------------	--	-----------------

мерзімде жарнама алаңын өзіне тиесілі жарнамалық материалдардан және (немесе) конструкциялардан босатуға міндетті.

42. Жарнамалық материалдар демонтаждalғаннан кейін Серіктестік пен жалға алушының өкілдері жарнама алаңын бірлесіп қарап-тексереді.

Қарап-тексеру нәтижелері бойынша жалға алушының жарнама алаңын пайдалануы тоқтатылғаннан кейінгі оның жай-күйін тіркейтін жарнама алаңын қабылдау кезіндегі қарап-тексеру актісі жасалады.

43. Жарнама алаңын қабылдау кезіндегі қарап-тексеру актісінде мыналар көрсетіледі:

- 1) актінің жасалған орны мен күні;
- 2) тараптардың өкілдері туралы мәліметтер;
- 3) шарттың нөмірі мен күні;
- 4) жарнама алаңының атауы және орналасқан жері;
- 5) жарнама алаңының нақты жай-күйі;
- 6) зақымданулардың, ақаулардың, ластанулардың және өзге де кемшіліктердің бар-жоғы туралы мәліметтер;
- 7) қажет болған жағдайда – фотофиксация нәтижелері;
- 8) қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу және анықталған зақымдануларды жою қажеттілігі;
- 9) тараптар тіркеуді қажет деп санайтын өзге де мәліметтер.

44. Жарнама алаңының немесе Серіктестіктің өзге де мүлкінің жалдау кезеңінде пайда болған және жарнама алаңын беру кезіндегі қарап-тексеру актісінде тіркелмеген зақымданулары анықталған жағдайда, жалға алушы мұндай зақымдануларды өз қаражаты есебінен жоюға не шартта көзделген тәртіппен оларды жоюға байланысты Серіктестіктің шығыстарын өтеуге міндетті.

45. Жалға алушы жарнамалық материалдар мен конструкцияларды демонтаждағаннан кейін жарнама алаңын қалыпты тозуды ескере отырып, жарнама алаңын беру кезіндегі қарап-тексеру актісіне сәйкес өзіне берілген бастапқы жай-күйге келтіруге міндетті.

46. Жарнама алаңын қабылдау кезіндегі қарап-тексеру актісіне тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

Тараптардың бірінің актіге қол қоюдан бас тартуы жарнама алаңының нақты жай-күйін тіркеуге кедергі келтірмейді. Мұндай жағдайда Серіктестік фотофиксация материалдарын қоса бере отырып, біржақты акт жасауға құқылы.

5. Қорытынды ережелер

47. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің ішкі құжаттарына және тиісті шарттың талаптарына сәйкес реттеледі.

ТОО «City Transportation Systems»	Правила передачи в аренду рекламных площадей на объектах Tarlan Astana	Страница 9 из 9
-----------------------------------	--	-----------------

48. Серіктестік Tarlan Astana объектілерінің ерекшеліктерін ескере отырып, жекелеген жарнама алаңдарын пайдалануға қосымша техникалық және пайдалану талаптарын белгілеуге құқылы.

49. Жарнамалық материалдарды орналастыру Tarlan Astana объектілерін қауіпсіз пайдалануға, жолаушылардың қозғалысына, инженерлік және технологиялық жабдықтарға, өрт қауіпсіздігі құралдарына, навигациялық және ақпараттық элементтерге қол жеткізуге кедергі келтірмеуге тиіс.

50. Жалға алушының жарнама алаңдарын пайдалану талаптарын сақтауын бақылауды конкурсты ұйымдастырушы шартта және Серіктестіктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.